

АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

14 ақпан 2023ж.

№1

Атырау қаласы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 23 бабына сәйкес, Атырау облысының Қоғамдық кеңесі №1 отырысында «Қазақстан Республикасындағы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының орындалысы туралы тақырыбында Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының баяндамасын тыңдап, талқылап облыстық қоғамдық кеңес **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына:

1) Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарына және салалық министрліктерге мүгедектерге берілетін жәрдемақы, өтемақы мен басқа төлемдердің көлемін арттыруға;

- мүгедектерді мемлекеттік тұрғын үй мен тұрғын үй құрылысы үшін жер телімін алу кезегіне бөлек категория есебінде енгізуге;

- мүгедек бала тәрбиелеп отырған ата-аналар мен олардың қорғаншыларына әлеуметтік мәртебе бере отырып қоғамдық көліктің барлық түрлерімен тегін жүруін қамтамасыз етуге қатысты ұсыныстар енгізу ұсынылсын.

2) Мүгедектерге жергілікті бюджеттен қосымша әлеуметтік төлемдермен қамтуға қатысты ұсыныстар әзірлеу;

3) Мүгедектердің адал еңбегін қолдау, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жетістіктерін жариялау;

4) Мүгедектерді кәсіптік даярлау мен қайта даярлау арқылы белгіленген квотаға сәйкес тұрақты жұмысқа орналасуына ықпал ету;

5) Атырау қаласында мүгедектерді қолдау орталығын ашу мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

2. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып:

1) Жаңа нысандарды жоспарлауда және жұмыс істеп тұрған нысандарды ыңғайлау кезінде мүгедектердің тұруына және тіршілік әрекетіне қолайлы жағдайды қамтамасыз ететін мемлекеттік стандарттардың қатаң сақталуын бақылау;

2) Пайдалануға берілетін ғимараттар мен құрылыстарды мемлекеттік қабылдау комиссияларының құрамына Қоғамдық кеңес мүшелері мен ҮЕҰ өкілдерін енгізу ұсынылсын.

3. Денсаулық сақтау басқармасына:

1) Мүгедектіктің алдын-алу үшін мүгедектікке соқтыратын патологияны бастапқы даму кезеңінде анықтау жүйесін жетілдіру;

2) Мүгедектерге медициналық көрсету сапасын арттыру шараларын алу ұсынылсын.

4. Мемлекеттік еңбек инспекция басқармасына:

Өндіріс нысандарында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ережелерін сақтау шараларын күшейту ұсынылсын.

5. Білім беру басқармасына:

Білім беру ұйымдарында мүгедектігі бар оқушылармен жұмыс жасайтын мамандармен (әлеуметтік психолог, дефектолог, медициналық қызметкерлермен) және оларға бейімделген оқу құралдарымен, техникалық және көмекші құралдармен қамту ұсынылсын.

6. Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына:

Мүгедектердің шығармашылық мүмкіндіктерін қолдау, әнмен, әдебиетпен, театр және басқа да өнер түрлерімен айналысуға мүмкіндіктер беру ұсынылсын.

7. Қоғамдық кеңестің Әлеуметтік және мәдени даму мәселелері жөніндегі комиссиясына:

Осы қарарда берілген ұсынымдардың орындалуына бақылау жасау, тұрақты түрде мониторинг жүргізіп қорытындысын 2024 жылғы I тоқсандағы кезекті кеңес отырысына баяндау ұсынылсын.

Кеңес төрағасы



М.Ізбасов